Жанғара ДӘДЕБАЙ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫ ЖӘНЕ АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІ

Дүниенің білімін білген, оны өзі мен өзгелердің, елдің, адамзаттың игілігіне пайдаланған ғұлама жан күн іспетті, жарығы мен жылуының рақатын көпке сыйлайды. Бойына осындай қасиет дарыған жанға халық айрықша құрметпен қараған, ісінің игілігіне сүйінген, одан жақсылық тапқан, білімінің тереңдігіне таңданған, содан ғибрат алған. Мұндай ғұлама жанды, дегдар ұстазды іздеп табу оңай емес, көздеп көру қиын. Мұндай ғұлама жанмен, дегдар ұстазбен ғайыптан дидарласуымыз мүмкін. Мекемтас Мырзахметұлы осындай ғұлама тұлға, дегдар ұстаз, абзал кісі еді.

Көрнекті абайтанушы ғұлама Мекемтас Мырзахметұлының Абайтану ғылымы саласында көп томдық еңбек жазып, оның он томын арнайы дайындап, жарыққа шығаруы, халық игілігіне ұсынуы абайтану ғылымындағы үлкен табыс, айтулы жетістік болды. Ғалымның абайтану ғылымы саласындағы он томдық таңдамалы еңбектерінде негізделген қағидалардың ғылыми маңызы, әлеуметтік мәні өте жоғары.

Абайдың ғылыми өмірбаянын М.О. Әуезов төрт рет қайта жазып, жазған сайын ақын өмірбаянының жаңа қырларын ашып, ақын өмір сүрген кезең мен ортаның, қоғамның шындықтарын кеңінен қамтып, ойлары мен пікірлерін дамытып, тереңдетіп отыруы ғылыми ойлаудағы, Абайдың шығармашылығы мен заманының

алуан сырлы шындығын бағалаудағы даралық пен даналықтың қилы жолы іспетті еді. Мекемтас Мырзахметұлы М.О. Әуезовтің Абай өмірін зерттеудегі даралығы мен даналығының осы жолының әр бұрылысы мен қиылысының мәні мен мәнісін саралап, әуезовтану мен абайтанудың тереңіне бойлап толғанды.

Қазақ жерінде өте ерте замандардың өзінде небір өнерпаздар, ғұламалар болғаны тарихтан белгілі. Ол кездерде ғылым мен білімнің қайнар көзі ғұлама ұстаздар болған деседі. Сол тұстарда бір жас жігіт тараздық ғұлама ұстазға келіп, өзінің ғылым жолын таңдамақ болған ойын айтса керек. Ұстаз алдына келген жастың сөзін бөлмей, зейін қойып тыңдайды. Жас жігіт сөзінің соңында ғылымнан қанша табыс табуға болатынын білгісі келеді. Сонда ұстаз үн-түнсіз орнынан тұрып, жігіттің қолына қара бақыр ұстатады да, өзін келген жолына салып, кері қайтарады.

Орта ғасырларда хатқа түскен ел аңыздарында осылай айтылады. Мұнда үлкен шындық жатыр. Ғылымға кісі табыс табу үшін келмейді. Дүниенің байлығын ғылымнан іздеу – бекер. Ғылым жолына түсіп, өмірін ғылымға арнаған ғұламалардың табыс тауып, байлыққа батқаны туралы адамзат тарихында бір де бір дерек кездеспейді. Соған қарамастан көз майын тауысып ғылым қуған, ғылымға бар өмірін арнаған ғұлама ұстаздардың қарасы үзілген емес, әр ғасырдың биігінде қадау-қадау ұшырасады. Олардың әрқайсысы – тұлға. Олар бір-біріне ұқсамайды: ойлауы мен ойы, жазуы мен сызуы, көзі мен көзқарасы – бәрі де дара-дара. Дегенмен олардың бәріне ортақ бір қасиет бар. Ол – халыққа міндет етпей, қалтқысыз қызмет етуге ұмтылу, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға құлшыну, адамға жақсылық жасауға асығу, адамға жасаған жақсы істерінің нәтижесін көріп, содан қанағат табу, мейірлену. Мұншалық асқан жомарттықты біз Бірінші Тұлғаның адамзатқа берген тамаша сыйы деп білеміз. Бүгінде әркім-ақ халыққа қызмет етіп жүрмін, кісіге пайдамды тигізіп, жақсылық жасап жүрмін деп

ойлауы мүмкін, өзін жомарт деп білуі де ғажап емес. Бұлай ойлаудың өзі де игілікті. Әйтсе де халыққа ақ ниетпен, махаббатпен қарайтын, өзінің құдіретімен жан біткенге жақсылық жасап, жарылқай алатын, адамзат көңілінен жарықтың, жақсылықтың көзін ашатын және содан қанағат пен рақат табатын аса мейірімді тұлға көкте бар болар, ал жерде жоқ. Өйткені бұл адамның қызметі емес, бұл – құдіреттің ісі. Мұндай құдірет Бірінші Тұлғаға ғана тән.

Халыққа ақ ниетпен, махаббатпен қызмет етудің ғылым мен білімдегі жөні бөлек. Халыққа қалтқысыз қызмет етудің ғылым мен білімдегі мәні дегеніміз – елдің өсер өркеніне адамзаттың жаны мен жүрегіндегі игіліктің, ақылы мен ойындағы асыл қазынаның кілтін ұстату. Мұндай жомарттықты Алла тағала өзі нағыз ғұлама ұстаз қасиетін дарытқан пенделеріне ғана лайықты көретін болу керек.

Дүниенің білімін білген, оны өзі мен өзгелердің, елдің, адамзаттың игілігіне пайдаланған ғұлама жан күн іспетті - жарығы мен жылуының рақатын өзі де көреді, өзгелерге де көрсетеді. Бойына осындай ғұлама ұстаз қасиеті дарыған жанға халық айрықша құрметпен қараған, ісінің игілігіне сүйінген, содан жақсылық тапқан, білімінің тереңдігіне таңданған, содан ғибрат алған. Ондай ғұлама жанды, дегдар ұстазды іздеп табу оңай емес, көздеп көру қиын. Ондай ғұлама ұстазбен ғайыптан дидарласуымыз мүмкін.

Мекемтас Мырзахметұлы «Абайдың толық адам ілімін» өмір бойы зерттеді. Зерттеу нәтижелерінің негізінде дүниенің ізгі білімін жан мен жүректің игілігіне ұсынды, елдің өсер өркеніне жан мен жүректегі осы игіліктің, ақыл мен ойдағы осы асыл қазынаның кілтін ұстатты. Ғалым мұндай нәтижеге ерен еңбегі арқылы жетті, әрдайым шығармашылық ізденіс, шығармашылық ойлау, шығармашылық еңбек үстінде болды. Ұстаздың әр таңы осындай ізденіспен атты. Ғалымның әр күні ұясынан осындай тілекпен шығып, ұясына осындай еңбекпен қонды. Ғұлама-ұстаздың ғылым мен білімге талпынған, ғылым мен

білімнің қадірін білетін жас пен кәріні бірдей сүйіндіретін, таңдандыратын, көңілін толтыратын аса қадірлі қасиеті осында еді.

Адамның өмірінде бәрі де өтпелі: жастық өтеді; ажар таяды; күш қайтады. Адамның өзі өлмейінше өтпейтін, таймайтын, қайтпайтын асыл байлығы – тәңірі сыйлаған шығармашылық ойлауы мен шығармашылық ойы. Бірақ мұндай асыл байлықты ғылымда әркім емес, нағыз шығармашылық тұлға, кемел адам деңгейіне көтерілген ғұлама ұстаз ғана ұстай алады, сол ғана ел игілігіне жарата алады. Тек сол ғана шығармашылық ойлауы мен шығармашылық ойын бүкіл ғұмыры бойында серік етеді.

Шығармашылық ойлау мен шығармашылық ойды, жалпы ғылыми шығармашылық еңбекті өз жеке басының сұраныстарын қанағаттандыру мақсатына жұмсаған адам да ғылымда елеулі табыстарға жете алады, даңқ пен дақпырттан да кем болмауы мүмкін. Бірақ оны да тәңірі сыйлаған шығармашылық ойлау мен шығармашылық ойдың биігіне көтеріледі екен деу артық.

Шығармашылық ойлауы мен ойын кемеліне келтіріп, содан тапқан білімін, жалпы ғылыми-шығармашылық еңбегін ел игілігіне жұмсауға асыққан, аянбай жұмсаған және жұмсап өткен кісі ғана кәміл ұстаз, толық ғұлама қасиетіне лайықты бола алмақ. Менің түсінігімде Мекемтас Мырзахметұлы – осындай кісі, бөтен іске алаңдамай, бөгде сөзге араласпай, ақырын жүріп, анық басып өткен кәміл ұстаз, дегдар адам, толық ғұлама, білімі мен ілімін, жалпы ғылыми-шығармашылық және ұстаздық еңбегін ел игілігіне жалықпай жаратып өткен абзал жан, аяулы азамат, қайраткер тұлға.

Мекемтас Мырзахметұлы – менің ғылыми-педагогикалық өміріме шуағын түсірген ғұлама ғалымдардың бірі. 1992 жылы докторлық диссертациямды қорғауға дайындала бастаған болатынмын. Ғылыми кеңесшім марқұм Зейнолла Қабдолов (Алла рақым етсін рухына) диссертация бойынша ресми оппоненттер ретінде қазақтың белгілі ғалымы, академик Зәки Ахметұлы

Ахметовті, қырғыздың көрнекті ғалымы, академик Әбдікадыр Садықұлы Садықовты ұсынды. Оппоненттер үшеу болуы керек. Зекең үшінші таңдауды менің өзіме берді. Мен диссертациямның бағытына сай елеулі ғылыми еңбектері бар ғалымдардың арасынан Мекемтас Мырзахметұлын ұсындым. Мекеңнің «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиялық зерттеуіндегі ғылыми тереңдік пен биіктікке, талдау мен бағалаудағы заттылық пен нақтылыққа бұрыннан көңілім толып, автордың еңбекқорлығына іштей разы болатынмын. Өзім де зерттеулерімнің ғылыми дәлелділігіне, нақтылығына ерекше назар аударып жүргенде, Мекеңнің ғылыми тұрғысы маған әдебиеттанудың нақты, маңызды методологиялық негізі секілді көрінген. Сөйтіп Мекемтас Мырзахметұлы 1992 жылы диссертациялық кеңесте менің диссертациялық жұмысымның ресми төрешісі болып сөйледі. Мекеңнің сондағы сөздері әлі есімде. Ұстаздық, ағалық ақыл-кеңестерін де ұмытқаным жоқ.

«Өмірдің жолы - тар соқпақ...» - дейді Абай. Ғылымның жолы одан да жіңішке. Ал әдебиет туралы ғылым – ең бір бейнеті ауыр ғылым. Оның тереңіне бойлап, биігіне шығу оңай емес. Әдебиеттану ғылымында шын ғалым адамға ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге болмайды. Онда ғалымның өзі салып, өзі жалғайтын бір-ақ жол бар. Ол – маңдай тері моншақтап аққан адал еңбек пен ақиқат жолы. Біздің зайырлы өмірімізде бұл жол хақ жолымен пара-пар. Сондықтан да осы жолда ақиқатты іздеп тер төгудің қадірі оны тапқаннан төмен емес. Ал ғұлама кісінің ғылым жолында ақылға жүгініп, тер төгіп қана қоймай, іздеген асыл ақиқатын табуы мұратқа жетумен бірдей. Мұратқа іздеген жанның бәрі де жетуі мүмкін. Ал ғұлама ғалымның мұраты ғылымдағы екінің бірі ұмтыла беретін мақсат емес. Ғұлама ғалымның мұраты ұлттық асыл құндылықтардың, адамзаттың аяулы армандарының нұрынан қуат алған шамшырақ іспетті. Ол әр ғалымның қолында емес, ғұлама ғалымның ғана алдынан жанады. Алдынан шамшырақтай жанған

мұратына жаратқанның мейірі түскен ғұлама ғана жетпек. Мекемтас Мырзахметұлы - ғылым мен білім жолында іздеген мұраты алдынан шамшырақтай жанған, мұратына жеткен жан.

Ғалымның «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» (1982), «Абайтану: библиографиялық көрсеткіш» (1988), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1988), «Абай жүрген ізбенен» (1985), «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1993), «Абайды оқы, таңырқа» (1993), «Абай және Шығыс» (1994), «Абайтану тарихы» (1994), «Әуезов және Абай» (1997), «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» (1997), «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» (1997), «Абайтану оқулығы» (2009), «Абайтану» (2010), «Абай: толық адам ілімі» зерттеулері, Абайтану ғылымы саласындағы он томдық таңдамалы еңбектері және басқа абайтану мен әуезовтану саласындағы іргелі зерттеулерінің әрқайсысы – әдебиеттану ғылымындағы үлкен жетістік, ірі табыс. Олардың тұтасқан жүйесі абайтану ғылымын М. Әуезовтен кейін жаңа биікке көтерген жаңа ғылыми бағыттың қалыптасып, өркен жайғанын көрсетеді. Осы еңбектердегі ойлар мен пікірлердің, қорытындылар мен тұжырымдардың бәрі де қыруар архив деректерімен, қолжазба мұралармен, байырғы авторлардың бүгінде сирек кездесетін құнды зерттеулерімен дәйектелген. Ғұламаның әр ойы, әр қағидаты, тіпті Алланың - адамға, адамның Аллаға қатынасына дейін, бұрын ғылыми айналымға түспеген тың дерек көздері, ғылыми теория қисындары негізінде терең сарапталып, бекем пайымдалған.

Ғалымның ғылыми зерттеулерінің нәтижелері іргелі, негізді, маңызды. М. Мырзахметұлының ғылыми шығармашылығының басты ерекшеліктерін осы үштаған анықтайды.

Келер ұрпағына, өсер өркеніне: «Мен бір жұмбақ адаммын»,– деп, тілегін, өтінішін қалдырған Абайдың жұмбағын шешу оңай емес. Абай жайында еңбек жазған, зерттеу жүргізген ғалымдардың бәрі де осы жұмбақтың

шешуін іздеген және бәрі де іштей сол жұмбақты шештім деп марқаюы ғажап емес. Ол орынды. Өйткені әр ғалым Абайды өз көзімен көріп, өз көңілімен таниды. Ұлы ақынның жұмбағын да әр ғалым тек өзінше шешеді. Жұмбақ біреу болғанда, оның шешуі әлденеше. Және белгілі бір жүйеде сол шешулердің бәрі де дұрыс. Абайдың жұмбағының, ұлылығының сыры осында.

Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың жүрегіне, Абайдың ақындық әлеміне, ақыл-ой қазынасына өз замандастарынан терең бойлады, сөйтіп ақынның жұмбағын да ақиқатына жетіп, бүгінгі ғылыми ойдың ұшар биігінде шешті. Біздің заманымыздың абайтануында әзірге ол биікке Мекеңнен басқа ешкім көтерілген жоқ.

Абай туралы, Абайдың шығармашылық әлемі, ақындық танымы, ақыл-ой қазынасы туралы ғылыми ақиқатқа жету жолында, Абайдың жұмбағын шешу жолында осыншама тер төгіп, аянбай еңбек еткен, абайтануды әрі ғылым пәні, әрі оқу пәні ретінде жаңа биікке көтерген, жаңа кеңістікке шығарған, ойлауы терең, ойы қуатты ғұлама қазақ ғылымының бүгінгі таңында біреу ғана. Ол – Абайдың тұңғиық тереңіне байлаған, абайтанудың ұшар биігіне шыққан Мекемтас Мырзахметұлы.

Ел өмірі үшін маңызы зор ғылыми мәселені мұндай тереңдікте, мұндай биіктікте шешу ғалымнан ерен еңбек пен қанатты қиялды, шынайы адамгершілік пен шынардай шыдамдылықты талап еткені сөзсіз. Ғұлама ұстаз бұл қасиеттерімен көзге ұрып, дараланбай, керісінше, бойын жасырып, қарапайым қалпынан бір тайған емес. Ғұлама кісінің бұл мінезін әркім өзінше қабылдап, өзінше бағалауға ерікті. Мен болсам, ғалымның осы мінезінің негізінде кішіктік қана емес, ұлықтық, ұлылық болды-ау деп ойлаймын

Ғалымның ақыл-ой қуатының, асыл уақытының өтеуіндей ендігі бір ірі жетістігі қаһарман қолбасы Бауыржан Момышұлының ғылыми өмірбаянын жасау мен шығармашылық мұрасын түгендеу, зерттеп-зерделеу,

баспаға дайындап, жарыққа шығару саласында. Батырдың шығармашылық мұрасын түрлі елдің әскери, мемлекеттік, салалық, аумақтық архивтерінен іздеп, бір-бірлеп тауып, жинақтау, жүйеге түсіру, сұрыптау инемен құдық қазғандай екені түсінікті. Осындай ерен еңбек нәтижесі жауынгер жазушының 30 томдық шығармалар жинағы мен бір томдық тұлғалық энциклопедиясы көлемінде жинақталып, жарыққа шықты. Мақтаныңқырап айтсақ, түгел бір академия, тартыныңқырап айтсақ, тұтас бір ғылыми-зерттеу институты ондаған жылдар бойы атқаратын осы жұмысты Мекемтас Мырзахметұлы бір өзі орындап шықты. Ғылымдағы, өмірдегі биік адамгершілік тұрғы, Бауыржан Момышұлы секілді халқына еңбек сіңірген, елінің, өсер өркенінің жарқын болашағы үшін қаны мен терін төккен асыл адамға, ардақты азаматқа, оның көз қарықтырғандай асыл шығармашылық мұрасына деген құрмет ғалымды осындай қиынға, қиыннан қиырға бастады, ел игілігі үшін алыптың ісін атқаруға құлшындырды. Мекемтас Мырзахметұлы, осылайша, қазақ ғылымында тың арна салды – Бауыржантану ғылымының негізін қалады.

Мекемтас ағамыздың сіздер мен біздер үшін аса ардақты тағы бір қыры бар. Ол – ғалымның Қазақстанның көне қалаларына көзқарасы. Ол көзқараста елдің көне тарихына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне деген үлкен құрмет пен терең сүйіспеншілік бар. «Көне Тараз» (2000), «Түркістан, Тараз арасы» (2005) және басқа еңбектері осындай көзқарастан, ғылыми шығармашылық биік мұраттан туған. Ал «Тараз ой толғаныстары» (2005) атты іргелі зерттеу еңбегінің мәдени-әлеуметтік маңызы, танымдық-тағылымдық мәні айрықша жоғары. Автордың толғаныстарының мәні мен мағынасы университет беретін білімге пара-пар.

Ғалымның ғылыми шығармашылығынан, автордың ғылыми тұрғысынан айрықша бір нұр таң шапағындай арайлап көзге түседі. Оны бір сөзбен өмір шындығына, ғылымға, ғылыми ақиқатқа деген құрмет пен адалдық деп

атасақ болады. Өмір шындығына, ғылымға, ғылыми ақиқатқа деген құрмет пен адалдық қандай ғылыми теория, қандай ғылыми қағидат үшін де ең басты төреші, әділқазы екендігі туралы ұстаным автордың барлық зерттеу еңбектерінен, мақалалары мен эсселерінен, баяндамалары мен сөздерінен, оқулықтары мен оқу құралдарынан, лекциялары мен семинарларынан алтын арқаудай жарқырап көз тартады. Бұл ерекше ұстаным ғалымның адамгершілік биік нысанасына, өзіне дейінгі ұлы тұлғалардың танымдары мен тағылымдарына, үлгілері мен өнегелеріне негізделген. Біз бұдан ғылымға деген, ондағы ақиқатқа деген биік құрметтің дидарын көргендей боламыз. Сөйтеміз де шын ғалымның мектебі адалдық пен адамдықтың, ерендік пен берендіктің мектебі екендігін ұғамыз. Мекемтас Мырзахметұлы ғылымда өз мектебін, адалдық пен адамдықтың, ерендік пен берендіктің мектебін қалыптастырды.

Мекемтас Мырзахметұлының қазақ ғылымындағы табыстары жоғарыда аталған ізденістерімен, зерттеулерімен, халық игілігіне ұсынған еңбектерімен ғана шектеліп қалмайды. Ғалым осы ізденістері, еңбектері негізінде өзі өмірін арнаған ғылымға, абайтану ғылымына, өзгелерді де ынталандырып, солар арқылы келер ұрпақтың, өсер өркеннің жолына сәуле шашып, жарық түсірді. Ұстаз өзінің ғылыми мектебіне бала күйінде қабылдап, маман дәрежесіне жеткізіп тәрбиелеп шығарған 40-тан астам ғылым кандидаттары мен докторларының қазіргі шақта бәрі бірдей пырақ болмағанмен, әрқайсысы – бір шырақ. Олардан ұстаз өмірінің жарығы мен қызуы тарайды. Біз соған қарап сүйсінеміз.

Ескендір Зұлқарнайын ұстазы Аристотель туралы: «Мен Аристотельді әкеммен тең дәрежеде құрмет тұтамын, өйткені әкем маған өмір берген болса, Аристотель менің өміріме мән берді», – деген екен. Әңгіме ұстаздың адам өміріндегі орны туралы болып отыр. Негізі жақсы, шілдесінде шырақ жанған, ұстаз ұлағатына ұйыған жан үшін Александр Македонскийдің ойы мен сөзі ұтымды ғана

емес, ұғымды да болуға тиіс. Бүгінде ұстазын бұлайша ардақтау үшін, шәкіртке Ескендір Зұлқарнайындай болмағанмен, айта қаларлықтай парасатты болу парыз. Мекемтас Мырзахметұлынан дәріс алған жастардың ойы мен бойында осындай биік парасат, терең пайым бар болар деп ойлаймын. Өйткені Мекемтас Мырзахметұлының білім, ғылым іздеген жастарға берген нәрі Аристотельдің Александр Македонскийге берген «мәнінен» қымбат болмаса, арзан емес.

Мекемтас Мырзахметұлының бүкіл ғұмырын арнаған ғылымнан тапқан табысы осы бір ауыз сөзге сыйып тұр. Иә, бір ауыз сөз. Соған қарамастан әдебиеттанушы ғалым, абайтанушы ұстаз үшін дүниеде бұдан асқан кемелдік, бұдан асқан табыс, бұдан асқан байлық болмақ емес. Осы тұрғыдан келгенде, Мекемтас Мырзахметұлынан кемел, Мекемтас Мырзахметұлынан табысты, Мекемтас Мырзахметұлынан бай тұлғаны табу қиын. Мекемтас Мырзахметұлынан жомарт кісіні табу да оңай емес.

М. Мырзахметұлының «Абай: толық адам ілімі» абайтану ғылымы саласындағы ізденістерге соны серпін берді, қоғамдық ойға қозғау салды.

Зерттеуші Абайдың «Толық адам» ілімінің шығу тарихын таразылай келіп, мынадай бірнеше ілімге сипаттама береді: ақи ілімі; әл-Фарабидің парасатты адам жайлы ілімі; жәуанмәртлік ілімі; Ясауидің хәл ілімі; Жүсіп Баласағұнның құтты білік ілімі...

Ақи ілімінің пайда болуын ғалым Тұранның ұлы қағаны Алып Ер Тоңаның өсиетімен байланысты түсіндіреді. «Егер ақи ілімі рухани ізгілік дәстүріне айналып, бүкіл түрік еліне таралмаса, әл-Фарабидің парасатты адам ілімі мен жәуанмәртлік ілімі (XI ғасыр), Ясауи бабамыздың хәл ілімі (камили инсони), хакім Абайдың толық адам ілімі, Шәкәрімнің ар ғылымының дүниеге келуі екіталай болар еді» [1, 34], - деп, Абай ілімінің бастау көздері туралы тың ой айтып, жаңа ғылыми болжам жасайды.

Абайдың ілімін күрделі, жүйелі және кемеліне келген келісті ілім деп білеміз. Абай ілімінде Сократ, Аристотель, әл Фараби, Ибн Сина, Конфуций сияқты ежелгі заман данышпандарының қисындарымен салаласып, қиысып жататын қағидалар бар. Құран аяттарымен үндесетін ойлар да мол. Мысалы, Абай ілімі жүйесіндегі басты қағидалардың бірі орта шама туралы десек, Абайдың орта шама туралы ойлары мен тұжырымдары жоғарыда аталған данышпандардың ойларымен де, Құран қағидаттарымен де үндеседі. Мұндай үндестіктің негізін тап басып негіздеудің маңызы зор. Бұл тұста Абай іліміне негіз болған Шығыс мәдениетінің, ислам мәдениетінің құндылықтарын лайықты бағалаудың маңызы үлкен.

М. Мырзахметұлы маңызды ғылыми болжамдар жасаумен шектеліп қалмай, тұжырымды пікірлер түйеді. Өзі зерттеп отырған күрделі, көпқырлы құбылыстың құрамдас салаларының арасындағы себеп пен салдар сипатындағы қатынастарға сүйеніп, ойын ретімен тиянақтайды. Сондай ойлардың әлемінде мынадай сындарлы пікір ұсынылады: «Б.з.д. YII ғасыр басында айтылған «ақи» сөзі термин мағынасына айналып, ізгілік, қайырымдылық деген ақи іліміне айналады» [1, 34]. Ақи ілімі туралы ғалымның ұсынып отырған ойларында терең мән бар. Оны саралап, салалап пайымдаудың маңызы зор. Бұл жерде ерекше назар аударатын жай – ақи ілімінің қандай кеңістікте, қандай негізде туғаны. Бұл екі жайдың екеуі де күрделі және өзекті ғылыми мәселелермен сабақтасып жатыр.

Ілім кезкелген кеңістікте, ортада тумайды. Оның тууына негіз болатын құндылықтар мен құбылыстарды тану да оңай емес. М. Мырзахметұлы ғылыми зерттеулерінің кеңістігінде осындай тарихи, әлеуметтік, теориялық тегі терең, күрделі ғылыми мәселелер туралы маңызы зор ғылыми ойлар жүйесін ұсынды.

«Түрік халықтарының, олардың қара шаңырағын ұстап қалған қазақ халқының жерінде ізгілік пен қайырымдылықтың бастау көзінде тұрған ақи ілімінің

күретамыры бізде, яғни қазақ жерінде жатуы себепті ол ілім әл-Фарабиде парасаттық іліміне (X), XI ғасырда жәуанмәртлік іліміне, одан әрі Ясауидің хәл іліміне (XII-XIII) айналған. Осы дәстүрдің XIX ғасырдың соңында Абайдың толық адам ілімі ретінде көрініс беріп, табиғи жалғастық табуы айтарлықтай зор рухани құбылысқа айналуда» [1, 34], - дегенде де ғалым тарихи ойлау жүйесімен бүгінгі абайтану ғылымы үшін маңызды ғылыми ойлар ұсынады. Абай ілімінің қайнарын, түптегін анықтауда бұл бағыттағы ойлардың танымдық маңызы өте жоғары екенін айтуымыз парыз.

М. Мырзахметұлының зерттеулерінің жүйесіндегі ерекше назар аударатын күрделі мәселе Абайдың толық адам ілімінің іргетасы туралы. Ғалым өз зерттеуінің «Толық адам ілімінің іргетасы» бөлімінде Абай ілімінің іргетасы, негізі ретінде мына құбылыстарды көрсетеді: а) ақыл; б) әділет; в) рақым (қанағат – сопылық таным). Зерттеуші Абайдың толық адам ілімінің іргетасы деп көрсетіп отырған осы үш негіздің әрқайсысына ғылыми сипаттама береді.

Абай ілімі – күрделі және бүртұтас жүйедегі ілім. Мұндай күрделі, біртұтас жүйедегі ілімнің іргетасын, негізін анықтау мақсатында іздену, зерттеу жұмыстарын жүргізу өзекті, маңызды. Абайдың толық адам ілімін, оның бастау-көздерін, негіздерін зерттеу оңай емес, ол үлкен еңбекті, күш-жігерді, ақыл-ой қуатын талап етеді. М. Мырзахметұлы абайтанудағы осындай қиынға құлаш ұрды. Ғылыми маңызы зор ойлар мен тұжырымдардың қорын жасады.

«Өмірдің жолы – тар соқпақ...» - дейді Абай. Ғылымның жолы одан да тар. Ал әдебиет туралы ғылым – ең бір бейнеті ауыр ғылым. Оның тереңіне бойлап, биігіне шығу оңай емес. Әдебиеттану ғылымында шын ғалымға ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру жоқ. Шын ғалымның өзі салып, өзі жалғайтын бір-ақ жол бар. Ол – маңдай тері моншақтап аққан адал еңбек пен ақиқат жолы.

Біздің зайырлы өмірімізде бұл жол хақ жолымен пара-пар. Мекемтас Мырзахметұлының жолы – осындай жол.

Әдебиет – сөз өнері. Сөз өнерінің негізін, әрине, сөз түзеді. Сөз тоңған бойымызды жылытпайды, аш қарнымызды жұбатпайды. Сөйте тұра сөз өнерінен ардақты өнер жоқ. Ұлтымыздың ақыл-ойы, ар-ожданы, абыройы сонда. Оны басқадан сатып алу да, сұрап алу да мүмкін емес. Өйткені ол басқада болмайды, халықтың, ұлттың өзінде ғана болады. Ұлттың ақыл-ойын байытуға, ар-ожданын сақтауға, абыройын өсіруге жұмсалған еңбек - игілікті еңбек. Сөз өнері туралы ғылымнан аяулы ғылым жоқ, өйткені ол – ұлтымыздың ақыл-ойы, ар-ожданы, абыройы туралы ғылым. Мекемтас Мырзахметұлы – осы ақыл-ойымыздың абайтанудағы ұшар биігі, осы ар-ожданымыздың әуезовтанудағы саңлақ сарапшысы, осы абыройымыздың бауыржантанудағы биік бәйтерегі.

Мекемтас Мырзахметұлының бүкіл ғұмырын арнаған ғылымнан тапқан табысы осы бір ауыз сөзге сыйып тұр. Иә, бір ауыз сөз. Соған қарамастан әдебиеттанушы ғалым, әдебиеттанушы ұстаз үшін дүниеде бұдан асқан кемелдік, бұдан асқан табыс, бұдан асқан байлық болмақ емес. Осы тұрғыдан келгенде, ендігі тұста Мекемтас Мырзахметұлынан кемел, Мекемтас Мырзахметұлынан табысты, Мекемтас Мырзахметұлынан бай адамды табу қиын. Мекемтас Мырзахметұлынан жомарт кісіні табу да оңай болмас.

Әдебиет

1. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XL том. Мырзахметов М. Абай: Толық адам ілімі / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.